

Утебаев Нурлыбек Елеусизович

*Қарағанды индустриалдық университетінің жанындағы -
Техника экономикалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
оқытушысы*

Диханбаева Лаззат Токтасыновна

*Теміртау жоғары политехникалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің оқытушысы*

Шешендік өнердегі сөз саптау мәнері

Ұлттық тәрбие мәселесінде ең алдымен тіл тәрбиесіне көңіл бөлу басты міндет. Түркі халқының атақты ғалымы Махмут Қашқари "Тәрбие басы-тіл" деп, яғни, тәрбиенің қайнар бұлағы ана тілі екенін дәлелдейді. Өйткені қай уақыт, қай заман тарихын ақтарсаңыз да, тілдің адам тәрбиесіндегі орны зор екені ақиқат. Ана тілі қазіргі таңда адамзат қоғамымен біте қайнаса өмір сүріп, халықтың бір-бірімен араласатын аса тиімді құралы. Ана тілінің қасиетін адамдар көне дәуірлерден-ақ оны күнделікті қарым-қатынас құралы есебінде жаратып, сезіне бастаған. Тіліміздің болмысын тану үшін ана тіліміздің ғана заңдылықтары тұрғысынан саралау жеткіліксіз, оның түпкі негізі сол тілде қарым-қатынас жасайтын этностың мыңдаған жылдар бойғы дүниетанымымен, тарихымен, тұрмыс-салтымен, ментальдық ерекшелігімен сабақтастыра қарастырғанда ғана шынайы ашылады.

Сондықтан, ойға азық, пікірге тірек болар негізгі арнаны қазақтың танымал атақты тұлғаларынан, ел мүддесін қорғауға араласқан би-шешендерінен туған жер, ана тілі жайында ой толғаған қаламгерлеріміз бен ғұлама дарындарының өсиет-өнегелерінен мол ұлағат алуға болады.

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге, ықыласпен тоқылық.

Оқысаңыз балалар,

Шамнан шырақ жағылар,-деп өсиет қалдырған Ыбырай Алтынсариннен бастап, тіліміздің тәрбиелік мәніне, айрықша қасиетіне тоқталған қазақтың ұлы тұлғалары қалдырған өнегелі сөздерін жастар арасында насихаттау бүгінгі күнде де маңызын жоймайды. Кез келген туындаған мәселені екі-ақ ауыз сөзбен шеше білген ұлы тұлғаларамыздың бүкіл өмір тіршілігіне арқау еткені - тіл. Сондықтан қазақ халқының ең басты тұғыры, құндылығы - ана тілі. Түркі тілдес халықтар ішінде, оның ішінде қазақтың сөз қадірін білуі содан тағылым, тәрбие алуы өлшеусіз. Айтылған сөзге тоқтай білу деген әрбір қазақ баласының негізгі қасиеті. Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар деген қазақ өз ұрпағын дұрыс, қисынды сөйлеуге тәрбиелеген. Сөз қадірін білген қазақ халқының ішінен суырып салма ақындардың, жыраулардың, би-шешендердің көп шығуы жайдан жай емес екендігі белгілі. Тіліміздің тәрбиелік құдіретін қазақтың атақты би-шешендерінің сөз саптау мәнерінен анық байқауға болады. Әрбір айтылған сөздің күші, қуаты, нұры, шапағаты болады. Қазақ сөзінің қуатын, нұрын, шапағатын әйгілі қазақ шешендері Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би қалдырған даналық сөздерден айқын аңғаруға болады.

-Бір үйдің баласы болма, көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма, бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма, көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала, қараны қара деп қарала!
Өзегің талса өзен бойын жағала, басыңа іс түссе көпшілікті сағала!
Өзіңе өзің кәміл бол, халқыңа әділ бол!
Жауыңа қатал бол, досыңа адал бол!

Төле бидің артына қалдырған, өнегелі де ұлағатты бұл даналық сөздерінен қазіргі уақытта да өскелең ұрпақ өмірлік тағылым ала алады. Қазақи шешендік сөздің мән-маңызын нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерден де анық танимыз. Ел арасындағы дау-дамай үстінде бірлік, ынтымаққа шақырған, ұрыс, қақтығыс кезінде бітімге тартқан сөздер ел есінде сақталып, адамгершілік пен ізгілік жолы болып қалыптасты. Келешек ұрпаққа мұра болып қалған тағлымды сөздер тәрбиенің бай тәржірибесін, елдің салт-сана, дәстүр, жол-жобасын туғызды. Оның өзі халықтың қоғамдық ортада қалыптасқан заң нормалары мен ұстанымдары болып саналады. Шешендік сөздер мәтіні ауызша таралғанымен,оны көзі қарақты, тіл қадірі мен сөз қадірін жете білген адамдар жинап жүрген. Шешендік өнер тарихы сонау ерте замандардан басталады. Адамзат баласы игерген алғашқы әрі желісі үзілмей келе жатқан өнерлердің бірі. Оның тарихын білу халық тарихын білумен бірге, сөйлеу мәдениетін, әдебін үйрену, сөйлейтін сөзді дұрыс таңдай алу ерекшеліктеріне жаттығу. Сол арқылы өскелең ұрпақтың шешен сөйлеуін, жастардың тіл мәдениетін дамытуға, қалыптастыруға көп пайдасы боларын атап өткеніміз де абзал болар. « Жалпы тіл мәдениеті дегеніміздің өзі сыпайы, ізетті, сауатты сөйлей білу мен жаза білу және сөзді дәл айта білу, оны орнымен әсерлі етіп қолдана алу» - шеберлігі деп білеміз деп Н. Уәлиев сөз мәдениеті атты еңбегінде жазады. Халықтың ұшан – теңіз сөз байлығының ішінен ең қажетті, ең ұтымды тілдік және әдеби құралдарды таңдап, оларды айтылмақ ой мен мәтіннің мазмұнына, мақсатына сай етіп тіркестіре алу білгірлік пен шеберлікті қажет етеді. Мәтіндерді жүйелі түрде мазмұндай алу да тіл мәдениетіне жатады. Шешендік өнер қоғамның, саяси-экономикалық, әлеуметтік негіздері қажеттіліктерінен туған.Шешендік өнердегі негізгі тірек-ұғым шешендік сөздерді есептеушілер мазмұндық идеясына, қолдану қызметіне, прагматикалық ерекшелігіне қарай түрліше анықтама беріп жүр.Шешендік сөз дегеніміз – тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөз, қиялға әсер етіп, сезімінді қозғайтын көрікті де, әсерлі сөз, бұра тартпас дәлелімен тамсандырып, таңдай қақтыратын білгір – білімді сөз, өтіп кеткен не өтіп жатқан оқиғаны жанды суреттей көз алдына алып келетін суретті сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түсінігін жеткізетін терең мағыналы түйінді сөз деп ғалым С. Қосымова шешендік сөзге тамаша анықтама береді. Қазақтың жазба әдебиеті туғанға дейін ауызекі сөз өнері, ауыз әдебиеті өзгеше байлығымен, көркемдігімен бірге, соған лайық қоғамдық өмірде де үлкен салмақ салып, қызмет атқарды. А.М. Горькийдің «Сіздер алтын сандық үстінде отырсыздар» деуі тегін емес. Ә. Дербісәлин айтқандай, халқымыздың өмірінде сөз, ауызша сөз, сөйлеу өнері ең басты, шешуші рөл атқарады. Халық өз тарихын да осы ауызша сөз арқылы

жасап, сақтады, әдет-ғұрып, тәртіп, адамдық, қоғамдық қатынасқа байланысты моральдық-этикалық нормаларын да сөз арқылы жүргізіп, кейінгі ұрпақтарға да осы ауызша сөз арқылы жеткізіп отырды. Қысқасы, осы сөз бірнеше ғасыр бойы қазіргі жазу, сызу, кітап, газет, журнал, радио т.б. барлығының қызметін бір өзі атқарып келді және жақсы атқарды да. Халық өнерінің осындай ерекшелігі сөзді өсірмей, дамытпай, көркемдік күшін күшейтпей, қоғамдық ролі мен салмағын арттырмай, сөйтіп аса жоғары дәрежедегі өнер биігіне, белсенді қоғамдық құрал дәрежесіне көтермей қоя алмады. Халықтың тіршілігі мен тұрмысында сөз өнері, яғни өнер дәрежесіне жеткен көркем сөз ауадай қажет боп, оның бүкіл тарихы мен тағдырында шешуші роль атқарды деген сөз. Қазақта «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіру» деген әріден келе жатқан сөз бар. Екі ауыз ұтымды ұтқыр, уытты сөз айтылмаған жағдайда даулы екі рулы елдің атысып, шабысып, тоз-тоз боп кеткен жайлары тарихтан белгілі. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп қазақ тіл білімін қалыптастырушы А.Байтұрсынұлы айтқандай, әр ұлттың генетикалық жады, ұлттық коды мен дүниетанымы, психологиясы түгелдей тілінде ғана сақталады. Тәңірдің адам баласына жасаған үлкен сыйы – тіл. Тіл – адамның адамдық белгісі, жұмсайтын қаруы, ұлт намысының биік шыңы, елді тұтастырудың, танытудың кілті. Адами болмыс пен ұлттық болмыс деп аталатын егіз ұғымдардың да негізі тілде. Тіл арқылы кісінің ішкі жан дүниесін түсінесің. Тіл – адам баласының ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан мол қазынасы, басты байлығы. Тіл арқылы кісінің ішкі жан дүниесін түсінесің. Тіл – адам баласының ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан мол қазынасы, басты байлығы. Әр тіл өзінше бір әлем. Қай халықтың болса да алтын діңгегі ұлттық санасының негізі, ірге тасы, тектілік белгісі, қозғаушы күші – тіл.

Сондықтан гректер мен римдіктердегі сияқты, сөз өнерін дамытуға, сөздің күші мен құдіретін, оның қоғамдық әсер, ықпалын арттыруға бүкіл халық болып арғы замандардан бері ат салысты, тілді осындай дәрежеге жеткізуді, өмірдегі өзекті мәселелер қатарына қойды. Халық аталы сөзді алты жасар бала айтса да, алпыстағы ақсақал қарт айтса да, айтушысына қарап емес, айтқанына қарап бағалаған, тыңдаған. Бұл-сөздің тек биік өнер дәрежесіне жеткенінің белгісі. XI ғасырда адамзаттың мәдениеті мен әдебиетінің дамуына аса үлкен үлес қосқан шығыс ғалымдарының алып тұлғаларының бірі – Кайкабус. Оның «Кабуснама» атты ғылыми-әдеби шығармасының «Өнердің абзалдығы, қадір-құрметі және өнегелі болуы» туралы бөлімінде «Барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білгенің жөн... Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі – көпшілік алдында, халық алдында сөз сөйлей білу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері.-Алматы, 2003.
2. Смағұлова Г., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы.- Алматы, 2008.
3. Айтбайұлы Ө. Тілтірес.-Алматы, 2014.